

**Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы  
«Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябақ» мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорын**

**ХАТТАМАСЫ**

**Шымкент қаласы**

**08.12.2023ж.**

**Күн тәртібі:**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қазіргі күн талабы.**

**Қатысқандар:**

Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағының  
директорының орынбасары

З.Ш.Ганиева

Бөлім меңгерушілер - 12

Қызметкерлер мен жұмысшылар- 78

**Хатшы:**

Кадр бөлімінің инспекторы

А.Шадиарбекқызы

**Төрағалық еткен:**

Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағының  
директорының орынбасары

Н.М.Жылкельдиев

**Бірінші болып сөз сөйлеген кадр инспекторы А.Шадиарбекқызы :** Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі..

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

**Мемлекеттік сатып- алу жөніндегі маманы Е.Бердібаев сөз сөйледі:** Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

### **Қорытынды:**

«Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағында» МКҚК және елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу және оның алдын алу үшін барамыз бір ауыздан жемқорлыққа жол бермейк. . Еліміздің көркеюі және одан әрі гүлденуі өз қолымызда.

**Төраға**

**Хатшы**



**Н.М.Жылкельдиев**

**А.Шадиярбекқызы**